

ӘОЖ 17.07.41

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МОТИВ ТҮРЛЕРІ

Нуртаева Гулнара

nurtaeva1985@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор А.Ә.Үсен

Қазіргі қазақ поэзиясында тәуелсіздік табиғаты мен тағылымы, ұлт мұраты мен ұрпақтар сабақтастығы, қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, адам өмірі мен еңбегі, ертеңгі күнге үміт-сенім жастық пен достық сырлары шынайы сезіммен жырланады. Уақыт тынысына үн қосу, адам мен оның еңбегін жырлау мұраттары айқын. Елдік мүдде, ұрпақ қамы, өмір өнегесі мен еңбек мұраттары шынайылық сырларымен нанымды жеткізіледі. Тақырып табиғаты мен алуандылығы, көркемдік таным арналары мен стильдік ерекшеліктер, тіл мүмкіндіктері - қазіргі қазақ поэзиясының да кешеден-келешекке жалғасқан жарасымды үлгі-өрнектерін айқын аңғартады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жарық көрген поэзиялық жинақтардың бір бөлігі төмендегіше түзіліс құрайды:

Т.Әбдірахманқызы «Замана сазы», «Сөйле қалам», Е. Әукебаев «Күн мен көлеңке», Х. Ерғалиевтің «Сонеттер», «Ұлым дедім, ұлғайдым», Д.Әбілевтің «Жолаушы өмір», К. Салықовтың «Түркістанға тағзым», «Таныс жұлдыз жарқылы», Ә. Сәрсенбайұлының «Ғасыр мен ғасыр беттесе», С.Сейітовтің «Серпер», Т. Молдағалиевтің «Жаз да өтіп барады», «Сағындырғын көктемдер», Қ. Мырза Әлінің «Заман-ай», «Алаштың арманы», Қ. Бұғыбаеваның «Қоштасқым келмейді», «Құс жолы», А. Бақтыгерееваның «Ақ шағала», «Сүмбіле», Р.Ниязбектің «Тыңда мені, замана», «Жүрегімде ғасырлар салмағы», Н. Оразалиннің «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу», К. Ахметованың «Күн шыққанда күліп оян», «Наурыз нұры», Т. Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары», А. Егеубайдың «Аламан», С. Тұрғынбекұлының «Жерорта», М. Шахановтың «Жаңа қазақтар», «Өркениеттің адасуы», Қ. Жұмағалиевтің «Күн шуақ», «Жүрегімнің бөлшегі», Н. Айтұлының «Рухымның падишасы», «Бәйтерек», С. Ақсұңқарұлының «Адам ата – хауа ана», «Қызыл арай», С. Адайдың «Әр қазақ - менің жалғызым», М. Ақдәулетұлының

«Дәруішнама», М.Айтхожаның «Аңсау», М. Рәштің «Киелі домбыра», Ж. Бөдешұлының «Жұлдызға орнын Ай бермес», Ө. Нұрғалиевтің «Афина мектебі», Ғ.Жайлыбайдың «Жүрегімнің жұлдыздары», С. Дәуітұлының «Сарыбел сазы», И. Ғайыптың «Жыр әлемі», Т. Илиясұлының «Тас жарған», Т. Рахымның «Дүлділ көңіл», «Алтайдан сәлем», Е. Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ», «Ғайша бибі», Ұ. Есдәулетұлының «Киіз кітәп», «Заман-ай» т.б. [1,28].

«Мотив – сюжеттік желі, тақырыптық сарын, оқиғалар дамуындағы белесті кезең» - деген сипаттама берілген глоссарийде [1.20]. Осы сипаттаманы толығырақ аша түсейік. А. Н. Веселовский **мотивті сюжеттің бөлінбейтін бөлшегі** ретінде қарастырды. Сонымен бірге мотивтер біз үшін әртүрлі образдар қатарын тудыратын **«жүйке түйіндері»** деп көрсетті. Мотивті сюжетпен тікелей байланыстырған А. Н. Веселовский болды. Ал, **мотив – тақырыптық сарын** деген сипаттамасына тоқталсақ, онда біз міндетті түрде Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиеттанушы» еңбегіне назар аударамыз. Өйткені алғаш рет тақырыптық сарынға анықтама беріп, жеке-жеке талдап көрсетіп кеткен Ахмет Байтұрсынов болатын: «Сарындама (сарын сөз) саласы. Сарындама үш тарау: 1. Салт сөзі. 2. Ғұрып сөзі. 3. Қалып сөзі. **Салт сарынымен**, яғни салт жөнімен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады: мәселен, мысалдар, ділмәр сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер [2,125]. Сондай-ақ, ғұрып сөзі деп **ғұрып сарынымен** яғни ғұрып бойынша істелетін істерге байлаулы сөздер айтылады. Мәселен, той бастар, жар – жар, беташар, неке қияр, жарапазан [2,131]. Қалып сөзі деп **тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен** айтылатын сөздерді айтады. Мәселен, бал ашқанда, ауру баққанда, бақсылардың жынын шақырғанда, тісті емдегенде, құрт шақыру, мал бәдік болғанда, адамға күләпсан шыққанда, бәдік ия күләпсан көшіру. Бала ұйықтатқанда айтатын бесік жыры – осылардың бәрі қалып сөздің табына жатады» [2,138].

Мотив - оқиғалар дамуындағы белесті кезең. Бұл сипаттаманы прозалық шығармаларды талдағанда қолданады. Поэзияда көбінесе сезім, көңіл-күй, лирика берілгендіктен оқиғалар желісі көріне бермейді. Поэзия саласына мотив терминінің кешірек енуі де сондықтан болар. Бұл туралы Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Р. М. Әбдіқұлова «Мотив теориясының дамуы» атты мақаласында жан-жақты талдап, қазіргі кездегі қолданылуы жайлы ашып айтқан. Поэзияға не себепті мотив термині кеш келгендігі жайлы түсіндірді.

«Мотивке анықтама беруде көбінесе прозалық шығармаларға қатысты тұжырымдарды қарастырған. Өйткені, поэзияға қатысты зерттеулер орыс әдебиетінде болмаса, қазақ әдебиеттануында жоқтың қасы деуге болады. Дегенмен көркем шығарманы мотивтік тұрғыда талдауға байланысты тұжырымдардың әрқилылығы байқалады. Бұл мотив теориясының қалыптасып болмағандығын, мотивке нақты анықтама берудің қиындығын көрсетеді» - дей келе Р.М.Әбдіқұлова мотив туралы өз ойын төмендегідей түйіндеген:

«Мәселен поэзиядағы “жалғыздық” мотиві орыс әдебиетінде А.С.Пушкин, М.Ю. Лермонтов пен М.И.Цветаева лирикаларына қатысты зерттелгені белгілі. Жалғыздық мотиві Абайдан бергі ақындардың бәрінде де ұшырасатынына күмән туғызуға болмайды. Бірақ, олардың мотивтік талдау тұрғысынан зерттелмегені белгілі. Мысалы, әр-алуан ақындардың шығармашылық жүйесінің түйісу тұстарын мотивтік талдау арқылы айқындау зерттеушілердің қызығушылығын туғызуға тиіс. Біздіңше қазақ жалғыздық мотиві қазақ лирикасына қатысты арнайы сөз болған емес. Егер бұл мәселені қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаев лирикасы төңірегінде қарастырар болсақ, Мұқағали лирикасының философиялық мазмұнынан адамның жатсырауы мен жалғыздық мәселесі, өмірдің мәні, **жақсылық пен жауыздықтың** мәңгілік күресі, үндестік пен үйлесімсіздік мәселелері көрініс берері анық» [3,53-54].

Ақынның **«Ақ кимешек көрінсе»** атты өлеңінде әжесінің өзімен бірге жүргенін,оны ешуақытта өліге телімегенін, ақ кимешек киген әжелерді көргенде өз әжесін көргендей сезімде болатынын жеткізген.Мұқағали жырлаған «ақ кимешек» ұлттық таным, ұлт

мәдениетінің тағылымы, салт – дәстүрді жоғалтпай ұстап қалуды көздейді. Өлеңдері арқылы ұрпаққа ізгі дәстүрді үлгі ете білген. Оның жоғалып кетпеуін қадағалаған.

Қазіргі заманда сирек кездесетін осы көріністі ұлттық сананың өшіп бара жатқандығынан көреді. Сол салтымызды өшірмей өлеңмен өріп, санамызда жаңғыртып береді.

Ақ кимешек көрінсе сені көрем,

Ақ кимешек жоғалса... нені көрем?

Ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрге деген қимастық сезім баураған ақынның жан айқайы естіледі. Ақ кимешек жоғалмай, әжелердің сәніне айналып жүре бергенін қалайды. Әрбір азамат ұлтын сүйіп, дәстүрін жоғалтпай, қастерлеп жүрсе, сонда ғана мәдениетіміз өркендеп, үлгілі ел қатарынан көрінеміз. Міне осындай бір ғана «ақ кимешек» арқылы өмірлік мәселе қозғалып отыр. Оның өзі ұлттық бояу да, ұлттық сипатта көрініс табады. Көркем өнердегі эстетикалық ұғым мінез жағынан, адамгершілік қасиеттердің көрінісінен байқалады.

Мұқағалидың осы ойымен Бауыржан Жақыптың «**Әжемнің ұршығы**» өлеңіндегі жіті сезімдермен үндеседі.

«Сен жоқта көңіл серги ме,

Сағындым аңсап бұл – шыным.

Иесіз қалды төргі үйде

Киелі сенің ұршығың.

Әжесінің аялы алақанының табы қалған ұршықты көргенде Бауыржан мүмкін көзіне жас та алатын шығар... Кім біліпті. Бірақ өлең жолдарын оқыған адам қилы-қилы ойға шомады. Поэзия табиғатында көп қырлы, көп сырлы дүние ғой. Иесіз қалған ұршық бүгінгі заман әйеліне байланысты, жалпы ел, тіпті адамзат тағдырына қатысты шартарапты проблемаларға ден қойғызады» [4,7].

Осы екі ақынның да айтар ойы, қозғаған проблемалары бір. Ол ұлттық құндылықтарды сақтап қалу. Асыл әжелеріміздің ақ кимешегі мен дөңгеленген ұршығы жоғалып кетпеуін тілеген, сол тілектерін өлең өрнектеріне өріп, біздің жоғалмайтын асыл мұрамызға айналдырды. Екі ақынның өлең жолдарынан **ұлттық мотивтерді** көре аламыз.

Қазіргі өлеңтану жаңа мәдени-әдеби үрдістердің ықпалымен еніп жатқан жаңа ырғақтық жүйелерді жатырқамай оларды қазақ әдебиет теориясына енгізіп, мәнін толық ашу, поэзияны өсірмесе, кемітпейді. Қазіргі ақ өлеңдер, прозалық өлеңдер, верлибрлер сияқты дәстүрден тыс ырғақтық жүйелер талантты ақындардың шығармашылығынан бой көрсетіп жатады. Осы жаңалықты бірді-екілі өлеңдерде көрінгендіктен елеп-ескермей кетпей, қайта ақын ізденісінің бір сипаты ретінде бағалап, сол соны ырғақтық жүйелердің теориялық тұжырымдамасы жасалғаны орынды. Өлеңнің тың түрлерінде дәстүрлі өлшемдерден қол үзбей, жаңалықты жатырқамаған жағдайда ғана әлемдік мәдениеттің көшінен қалмаймыз. Оған М. Жұмабаевтың поэзиясы, жалпы шығармашылық жолы дәлел. Ақынның Батыс-Шығыс мәдениетін жатырқамай үйреніп, ұғынып, жаңашыл әдебиет қалыптаса бастаған тұсында поэзияны биік сатыға көтеріп кеткендігі көркемөнердің үлкен олжасы еді. «Бір ақын көп еліктесе, сол көп еліктеуші Мағжан деуге болады. Мағжан еліктегенде орыс, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі көңілге жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар» - деп жазушы Ж. Аймауытов Мағжан поэзиясының қайнарларын деп таниды [5,57].

Мотив – әдеби шығарманың ойлы йірімдеріне сүңги білу үшін керекті әрі маңызды терминдерінің бірі. Адам баласы тарихты еске түсіріп, жадына салып отыру үшін тарихтар жазған, дастандар жырлаған, сол шығармаларда қайталанып отыратын мотив арқылы адам санасына қозғау салып отырған. Мәселен өткен ғасырлардың ұмыт қалған тарихын Мағжан Жұмабай «Түркістан» өлеңінде Тұран, ер түрік, Түркістан, Афрасиаб, көкжал, от лексемалары арқылы береді. Өлеңінде Тұран мотивін 24 рет қайталап, оқырманға психологиялық мотивация жасау арқылы оның жадына қозғау салып, тарихи санасының

оянуын қамтамасыз етеді. Тұран тарихын, рухани мәдениетін еске түсіретін осы мотивтер жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда өте маңызды рөл ойнайды[6,90].

С. Ержанова «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» атты еңбегінде қазіргі кезең поэзиясына мынадай сипаттама берді:

- поэзиялық шығармаларда кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында орын алған жариялылық сипат жалғасын тапты;
- нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрдің жаңғыруы көрінді;
- көне түркілердің сарынын жеткізетін түркішіл желі дүниеге келді;
- ұлттық танымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты [7,23].

«Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған - азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтардағы сарындар мен көркемдік қазақы әдіс-тәсілдер. Егемендік жарияланған күннен бері поэзиялық шығармаларда көнетүркі сарыны, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт, көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Осы реттен алып қарағанда, шынайы азаттық идеясының мәңгі өлмейтінін, оның жердің айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін көреміз және тарихи факторлардың ұқсастығы немесе рухани жаңғыру арасындағы байланыс принциптерін танимыз» - деп, тұжырымдады [7,305]. Сәуле Ержанова **көктүріктер сарыны, жыраулар сарыны, зар заман сарыны, ағартушылық сарын, сыншылдық сарын** түрлеріне ажыратып, арнайы мысалдар келтірді.

Түркілік сарын бағытында жазып және жетістіктерге жетіп жүрген ақындар ретінде Т. Медетбек, Ұ. Есдәулет, Н. Айтов, С. Ақсұңқарұлы, Н. Мәукенұлы, Е. Раушановты атап кеткен. Жыраулар сарынын жалғастырушы Н. Мәукенұлы – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиеті өкілдерінің ішіндегі талант қуаты зор ақындардың бірі. Жыраулар дәстүрі мен қазіргі заман поэзиясының көркемдік – құрылымдық байланысы өз алдына, олардың желісіндегі идеялық байланыс, азаттық танымы ерекше болып аталып өтпек. Н. Мәукенұлы Қазтуғанның, Доспамбеттің, Бұқардың арман-тілегін қазіргі уақыттың айнасы ретінде көрсете білді. Мұңлы сарынға Ш. Әбдікәрімовтың «Ел көшті» өлеңін жатқызды. Нағыз тәуелсіздік рухын жырлағандарға Т. Әбдікәкімұлын, Н. Мәукенұлын, С. Нұржанды, Г. Салықбайдың, М. Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж. Сәрсекті, Б. Бабажанұлын, Б. Алдиярды, Д. Берікқажыұлын атап көрсетті.

Б. Майтанов «XXI ғасыр поэзиясының модернистік және постмодернистік даму үрдістері» атты мақаласында бірнеше ақындардың өлеңдерінен мотивтерді анықтап берген. **Сыншылдық сарын, экзистенциалистік сарын, оралу мотиві, күдер үзу сарыны, экзистенциялық жатсыну, «күнә» мотивін, жұмақ мотиві, акмеистік сарын** түрлерін қарастырды. Мысалы, Әбубәкір Қайранның **сыншылдық сарыннан** арылмайтындығын, патриоттық пафостан да мүлде сырт қалмайтындығын, соған қарамай «Шам» өлеңінде аллегорияға барғандығын айқындайды. «Тірі өлік» өлеңінде ақын күйеу жолдастар мен қыз жолдастардың қылығын қазіргі уақыттың өрескел мінезіне сай натуралистік әрекетті юмор аралас суретті деталь арқылы өрнектейді. Метонимия қызметіндегі түр - түстік нысан және этнопсихологиялық штрих эпикалық назар ауқымын аңғартады. Мұнда **экзистенциалистік сарын** байқалатындығын атап көрсеткен. Заида Елғондинова шығармашылығында космогониялық түсініктер енгенін айтады. Бұл дүниедегі пенде алыс дүниедегі аруаққа табынады, оларды пір тұтады. «Кәрі дүние, кейуана, кір арымаған» - дейтін З. Елғондинова ұлттық рәсімдегі үлгімен жалған өмірді мәңгілік өмірден төмен қояды. Аруақтар қателеспейді. Ақынның жырларында Ташкент қаласындағы шаттық, Алматыға **махаббатпен оралу мотиві** жиі ұшырасады. З. Елғондинованың өзге символистерден ерекшелігі – бар кінәні айналасына артуға әуестік танытпауда, қайшылық пен ащы да тәтті мұңның қайнарын өз жүрегінің Әбілхаят суынан іздестіруінде.

Есенғали Раушановтың «Көк өскін» өлеңінде екінші түрлі мотив бой көтереді. Белгілі бір дәрежеде сыншыл көзқарас үстем, сонымен бірге жалығу, күдер үзу сарыны да модернистік көңіл-күймен үйлесіп жатады.

Гүлнар Салықбайдың «Өмір - сұр ән» өлеңінде символистік бейнелілік пен **экзистенциялық жатсыну** бар. Жатсыну жалпылық сипат алған. Жалғыздық архетипі - барлық көңілдің бағы да, соры да. Бағы дейтініңіз – соны сезіну арқылы кісі өзінің орнын, айналасын таниды. Соры дейтініңіз - өмірдің мәні аттан түседі. Символдық нышандар Г. Салықбай өлеңіндегі экзистенциалдық мазмұн таңбаларын ашуға жорық жасайды.

Ақын Әбубәкір Смайыловтың «Із туралы аңыз» атты баллада жанры талаптарына лайық ұзақ өлеңінен Аллаға табынуының қажеттілігіне байланысты **ақиқат мотивін** келешек сынақтарға жоғары дәрежеде дайындайды. Өмір сапарындағы адалдық қақында ой қозғайды. «Көз» концепті ар-ұяттың символы міндетін атқарады. Жеке адамның көзімен Аспандағы көздің кездесу медетін елестету жердегі тіршілік нәтижесіне зор талқының **психологиялық салмағын** саралау актіне жалғасады. Ақын әр адамның жаратушы алдындағы теңдігін зерделегенде асқақ демократизм ұстанымын қолдайды.

«Күнә мотивін» қолданған ақындардың бірі Маралтай Райымбекұлы «Өзім барам!» атты жырында әрекет бағдары белгілі болғанымен, алысқа қомданған көңілдің алғышарты ашық айтылмайды. Мұнда жердегі хикметтен жалығушылық, бәрібір күмән тудырмайды, ақын «күнә мотивін» өзіне қатысты қолданады. Шайыр басқа уақыт пен кеңістіктен өзіне жақын адамдарды табарына сенімі мол. **Жұмақ мотиві** үстем. Ол қиянда. Тіршілікке базынасы бардың бәрі де жұмақты аңсайды. Лирикалық қаһарман сонда өзін еркін ұстайды. Мұндай **акмеистік сарындағы** туындысында А. Әлтаевтың лирикалық қаһарманынан іркілу мен тартынушылық байқалса, М. Райымбекұлының кейіпкері өктем. М. Райымбекұлының назасынан қоғамдық кінәраттар әрі жекелік айып сарыны байқалса, А.Әлтаев та өзгелерге қатысты екіұдай көрініс бермейді. Сонда да оларға рухани мәселелерге ем табу үшін басқа уақыт пен кеңістік, тосындық болжам бойынша тартыссыз орта қажет болған [8,53].

Ілияс Мұқаевтың өлеңдеріндегі негізгі мотив **өткен өмір** болса, ақын өткен шақтың трагедиялық табиғатын көз жасын төккен аспан арқылы бейнелейді. Бейнелі тіркестер қозғалыста барынша жандана түскен.

Мотивтің тақырыптық сарын сипаттамасы да поэзиялық шығармаларды зерттегенде аса үлкен маңызға ие болып тұр. Қазіргі қазақ поэзиясындағы көрініс тауып келе жатқан тұрақты сарындар, көне түркілік сарындар, жыраулар сарыны, зар-заман сарыны, ағартушылық сарын, сыншылдық сарын, ұлттық сарын, психологиялық сарындар үзіліссіз жалғаса беретін, ешқашан жойылмайтын, өзара үндесе отырып, көркем-эстетикалық ойға қозғау салатын компоненттер болып табылады. Бұл мотивтің бір ғана сипаты. Мотив терминінің қалған сипаттарын ашу үшін әлі де талай еңбекті ақтарып, талдап- саралауға тура келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрысбек Р.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Екінші басылымы. – Алматы: Эверо, 2014. – 432 б.
2. Әбдікұлова Р. Мотив теориясының дамуы. / Р.Әбдікұлова - Сборник материалов международного научного форума « Филологическая наука в XXI веке: проблемы и перспективы» 2017. 53-54б. [Электронды нұсқа] – URL <http://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/19790/91/3/2/0//>
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Елеукунов Ш. «Бұл өлке өлең-жырдың сарайы еді» ақын Б.Жақыптың жаңа жинағынан туған ойлар. // Ш.Елеукунов - Егемен Қазақстан № 107 (28331), 2014.- 7 б.
5. «3. Ахметовтің ғылыми зерттеулері және қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері» атты Халықаралық ғылыми теориялық конференция. 3 мамыр 2013жыл / Жалпы редакциясын басқарған Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2013. – 348 б.

6. Жеменей И., Қанашева Г.А Әдебиеттегі мотив: таным мен пайым. / И.Жеменей, Г. А. Қанашева - Хабаршы. Шығыстану сериясы № 2(89). 2019.89-96 б. [Электронды нұсқа] – URL [Page 1 FTAMP 17.07.65 Жеменей И., Қанашаева Г.А.](#)
7. Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. Оқу құралы. Алматы: Білім, 2010. 320 б.
8. ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.). – Алматы: «Арда», 2011. – 640 б.
9. aizhankurmanbai@gmail.com